

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы № 21-V Заңы  
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 117-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі «ғарыш объектілері» деген сөздерден кейін «, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 193-1-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «мұнай құбырлары; магистральдық газ құбырлары» деген сөздер «құбырлар» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж.,

№ 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 52-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы баптың 1-тармағының ережелері мемлекеттік жер пайдаланушыларға бекітіп берілген «Байқоңыр» кешенінің үйлеріне (құрылыстарына, ғимараттарына), сондай-ақ магистральдық құбырлардың желілік бөліктеріне меншік құқығына қолданылмайды.»;

2) 69-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) магистральдық құбырлардың желілік бөлігін орналастыру және пайдалану мақсатында жер учаскесін пайдалану;»;

3) 118-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«118-бап. Құбыр көлігінің жерлері

Құбыр көлігінің мұқтаждарына арналған жерлерге су құбырларын, газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырлары мен жербеті және жерасты үйлерін, құрылыстарын, ғимараттарын, құрылғыларын пайдалану, күтіп-ұстау, салу, реконструкциялау, жөндеу, кеңейтіп ұлғайту үшін қажетті объектілерді және құбыр көлігінің басқа да объектілерін орналастыру үшін бөлініп берілген жерлер жатады. Аталған жерлерге шекаралары Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттары бар магистральдық құбырлардың күзет аймақтарын қоса алғанда, магистральдық құбырлардың мұқтаждарына арналған жерлер де жатады.

Күзет аймақтары жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай-ақ белгіленуі мүмкін.

Магистральдық құбырлардың желілік бөлігін орналастыру және пайдалану мақсаттарында жер учаскелерін бөлу қауымдық сервитут қағидалары бойынша (осы Кодекстің 69-бабының 4-тармағы) жүзеге асырылады.».

3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-

құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 8, 6 4 - қ ұ ж а т ) :

1) 244-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын :

«Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, жолаушыларды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге, экспортталатын тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауды бірнеше көлік ұйымы жүзеге асырған жағдайда, Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдауды жүзеге асыратын көлік ұйымының жолаушыларды тасуы, тауарларды (почтаны, багажды) тасымалдауы басталған орын халықаралық тасымалдау басталған орын деп танылады.

Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, жолаушыларды Қазақстан Республикасының аумағына, импортталатын тауарларды (почтаны, багажды) тасымалдауды бірнеше көлік ұйымы жүзеге асырған жағдайда, оның көлігімен Қазақстан Республикасының аумағына жолаушыларды, тауарларды (почтаны, багажды) әкелген көлік ұйымы жүзеге асыратын тасымалдау халықаралық тасымалдауға жатады.»;

2 ) 2 4 5 - б а п т а :

1-тармақтың төртінші бөлігіндегі «бапта» деген сөз «тармақта» деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Нөлдік мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығы осы Кодекстің 308-1-бабының 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының өндірген және өткізген тұрақсыз конденсатты Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағына өткізуі бойынша айналымға салынады.

Осы тармақта көрсетілген қосылған құн салығын төлеушілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

1-2. Нөлдік мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығы газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушінің бұрын осы салық төлеуші Қазақстан Республикасының аумағынан әкеткен және Кеден одағына мүше осындай басқа мемлекет аумағында өңдеген алыс-беріс шикізатынан өңделген өнімдерін Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағында өткізуі бойынша айналымға салынады.

Осы тармақта көрсетілген қосылған құн салығын төлеушілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Осы баптың 1-1-тармағында көрсетілген тұрақсыз конденсаттың өткізілуін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкетілген (әкетілетін) тұрақсыз конденсатты беруге арналған ш а р т ( к е л і с і м ш а р т ) ;

2) құбырлар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсат санын есепке алу құралдарының көрсетілімдерін алу актісі;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағына құбырлар жүйесі арқылы әкетілген тұрақсыз конденсатты қ а б ы л д а у - т а п с ы р у а к т і с і .

Құбырлар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсат санын есепке алу құралдарының көрсетілімдерін алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

4. Осы баптың 1-2-тармағында көрсетілген тауарлардың өткізілуін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) алыс-беріс шикізатын өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) олардың негізінде өңдеу өнімдерін өткізу жүзеге асырылатын шарттар ( к е л і с і м ш а р т т а р ) ;

3) алыс-беріс шикізатын өңдеу жөніндегі жұмыстардың орындалу фактісін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

4) алыс-беріс шикізатының Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкетілуін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың к ө ш і р м е л е р і .

Алыс-беріс шикізаты магистральдық құбырлар жүйесі арқылы әкетілген жағдайда, тауарға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына осындай алыс-беріс шикізатын қ а б ы л д а у - т а п с ы р у а к т і с і беріледі;

5) аумағында алыс-беріс шикізатын өңдеу жүзеге асырылған кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі – оларды сатып алушыға өңдеу өнімдерінің тиеп жөнелтілгенін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

6) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ашылған банк шоттарына өткізілген өңдеу өнімдері бойынша валюталық түсімнің түсуін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

7) осы Кодекстің 276-13-бабының 8-тармағында көзделген, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында тауарларды өңдеу ш а р т т а р ы т у р а л ы қ о р ы т ы н д ы с ы .

Қайтарылуға жататын қосылған құн салығынан асып кеткен соманы айқындау кезінде Қазақстан Республикасының салық қызметі органының сұрау салуы бойынша кеден одағына мүше мемлекеттің салық қызметі өңдеу өнімдерін сатып алушыға

қатысты жүзеге асырған салықтық тексерудің нәтижелері ескеріледі.»;

3) 255-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ғарыш қызметіне қатысушылар әкелетін ғарыш объектілерінің, жербеті ғарыш инфрақұрылымының объектілері жабдықтарының импорты қосылған құн салығынан босатылады. Осы тармақшаның ережелері нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, ғарыш қызметінің мақсаттары үшін осындай ғарыш объектілері мен жабдықтарын әкелу туралы ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органның растауы негізінде қ о л д а н ы л а д ы ; » ;

4) 276-11-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Кодекстің 245-бабының 1-2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда , Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында өткізген жағдайда, өңдеу өнімдерінің экспортын растау мынадай құжаттардың:»;

5) 276-14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Көрсетілген баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнен асып кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына өңдеу үшін әкетілген алыс-беріс шикізаты салық салу мақсатында өткізу бойынша салық салынатын айналым деп танылады және осы Кодекстің 245-бабының 1-2-тармағында және осы Кодекстің 276-11-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағынан алыс-беріс шикізаты әкетілген күннен бастап осы Кодекстің 268-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығы салынуға жатады.

Осы тармақтың мақсаттарында белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағына қайта әкелінбеген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімдерінің көлеміне келетін алыс-беріс шикізаты бойынша салық салынатын айналымның мөлшері халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген есепке алу саясаты негізінде осындай өңдеу өнімдерінің өзіндік құнына енгізілген алыс-беріс шикізаты құнының мөлшерінде айқындалады.

Осы бапты қолдану мақсаттары үшін салық төлеушінің есепке алу саясатында белгіленген өзіндік құнды айқындау әдісі күнтізбелік бір жыл ішінде өзгертілуге ж а т п а й д ы . » ;

б) 300-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 3 0 0 - б а п . Т ө л е у ш і л е р

М ы н а л а р :

1) осы Кодекстің 308-1-бабының 1-тармағында көрсетілген келісімшарттар шеңберінде өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты көлемін экспорттайтын жер

қойнауын

пайдаланушыларды;

мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган айқындаған көлемде және кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімімен бұрын орналастырылған шикі мұнайға экспорттың кедендік рәсімін қолданған, тізбесін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган белгілейтін заңды тұлғаларды қоспағанда:

шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып табылады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнімдерді қоспағанда, егер кеден аумағынан тыс жерде шикі мұнайды өңдеудің кедендік рәсімі аяқталғаннан кейін заңды тұлға тауарларды кеден аумағынан тыс жерде өңдеу шарттары туралы құжатта көрсетілген көлемде оның өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасына іс жүзінде әкелуді жүзеге асырмаған жағдайда, мұндай заңды тұлға осы Кодекстің 332-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде өңдеуге берілген шикі мұнайдың барлық көлемі бойынша экспортқа рента салығын төлеуші болып табылады;

2) көмірді экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып табылады.»;

7) 332 - бапта:

2 - тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде өңдеуге берілген шикі мұнайға – салық кезеңінде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген және жер қойнауын пайдаланушы кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін берген не кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өңдеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізілген шикі мұнайдың көлеміне бөлінеді.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін шикі мұнайды беруді не кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өңдеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың тізбесін, сондай-ақ кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарының тізбесін және олардың шикі мұнайды өңдеу

шарттарын мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнімдерді қоспағанда, егер кеден аумағынан тыс жерде шикі мұнайды өндеудің кедендік рәсімі аяқталғаннан кейін тауарларды кеден аумағынан тыс жерде өңдеу шарттары туралы құжатта көрсетілген көлемде оның өңдеу өнімдері Қазақстан Республикасына іс жүзінде әкелінбеген жағдайда, кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде өндеуге берілген шикі мұнайдың барлығы пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсаттары үшін тауарлы шикі мұнай ретінде қаралады.»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) тауарлы шикі мұнайға, газ конденсатына және табиғи газға – егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1), 2), 2-1), 3), 4), 5) және 5-1) тармақшаларында көрсетілген шикі мұнай, газ конденсаты мен табиғи газ көлемдерін шегере отырып, жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың жалпы көлеміне бөлінеді.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Жер қойнауын пайдаланушының осы баптың 2-тармағының 2-1) тармақшасында көрсетілген кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде өңдеу үшін кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытына бергенін не кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде Кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өндеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізгенін растау үшін жер қойнауын пайдаланушыда тауарлардың және олардың өңдеу өнімдерінің нақты көлемі және оларды тиісті кедендік рәсіммен орналастыру фактісін растайтын мынадай құжаттардың:

тауарларды және олардың өңдеу өнімдерін тиісті кедендік рәсіммен орналастыруды растайтын, тауарларға арналған декларациялардың;

тауарларды кеден аумағынан тыс жерде өңдеу шарттары туралы құжаттың;

нақты жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген және кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өндеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізілуге жататын шикі мұнай көлемі туралы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар бөлігінде шикі мұнайды өңдеу үшін әкетуге жататын, көрсетілген көлемнен алынатын өңдеу өнімдерінің көлемі туралы мұнай және газ саласындағы

уәкілетті орган қорытындысының;

кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімін қолдану туралы есептердің; тауарлар мен өңдеу өнімдеріне арналған коммерциялық және тауарға ілеспе құжаттардың және (немесе) қабылдау-тапсыру актілерінің; нақты жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген және кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өндеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізген шикі мұнай көлемінен алынған өңдеу өнімдерінің нақты әкелінген көлемі туралы мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган қорытындысының түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері болуға міндетті.

Құжаттардың осындай түпнұсқалары немесе олардың нотариат куәландырған көшірмелері болмаған жағдайда, шикі мұнайдың тиісті көлемі пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсаттары үшін тауарлы шикі мұнай ретінде қаралады.»;

8) 334-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) жер қойнауын пайдаланушы кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін шикі мұнай берген не кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өндеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізген кезде – жер қойнауын пайдаланушы кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытына өңдеу ретінде берген не кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өндеудің кедендік рәсімі шеңберінде кеден одағының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауытында өндеуге кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізген шикі мұнайдың нақты көлемі мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын өнім бірлігін өндірудің 20 пайызға ұлғайтылған өндірістік өзіндік құнының көбейіндісі ретінде;»;

9) 336-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шикі мұнайды осы Кодекстің 332-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасында көзделген тәртіппен өткізген және (немесе) берген жағдайда, белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 төмендету коэффициенті қолданылады. Бұл ретте, Қазақстан



Республикасының Үкіметі айқындаған өнімдерді қоспағанда, егер кеден аумағынан тыс жерде шикі мұнайды өңдеудің кедендік рәсімі аяқталғаннан кейін тауарларды кеден аумағынан тыс жерде өңдеу шарттары туралы құжатта көрсетілген көлемде оның өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасына нақты әкелу жүзеге асырылмаған жағдайда, осы бапта көзделген төмендету коэффициенті осы Кодекстің 332-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес кеден аумағынан тыс жерде өңдеудің кедендік рәсімі шеңберінде өңдеуге берілген барлық шикі мұнайға қолданылмайды.»;

10) 635-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын :

«Осы тармақтың салық төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктердегі банк шоттарына валюталық түсімнің түсуі жөніндегі талаптары осы Кодекстің 245-бабының 1-1-тармағында аталған салық төлеушілерге қ о л д а н ы л м а й д ы . » .

4. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21 - қ ұ ж а т ; № 4 , 30 - қ ұ ж а т ) :

1) 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Заңның күші табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға мынадай:

1) қызметі тек жеке өзінің ғана мұқтаждарына арналған объектілерді салу мен пайдалануға байланысты болатын;

2) осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген қызмет: осындай қызметтен түскен кірістер күнтізбелік бір жыл ішінде барлық қызметтен түскен кірістің бір пайызынан аспауға тиіс;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтерге 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған тарифтің деңгейін ұстау шарттарының жиынтығы сақтала отырып, жүзеге асырылатын жағдайлардың бірінде қолданылмайды.»;

2) 7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тәртібі «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін өнімді магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерге қол жеткізуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, реттеліп көрсетілетін

қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларынан басқа, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайларды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынуға;».

5. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 10-баптың 10-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Мәміле бағасының осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 3) тармақшаларына сәйкес белгіленген және (немесе) қалыптастырылған бағадан ауытқуы кезінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді түзету осы Заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.»;

2) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:  
«10-1-бап. Жекелеген жағдайларда нарықтық бағаны айқындау және салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді түзету

1. Мәміле бағасы Қазақстан Республикасының Үкіметі 2012 жылғы 30 маусымға дейін бекіткен жеңілдікті салық салынатын елдерде тіркелген тараптармен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде өткізілетін тауарлардың нарықтық бағасын айқындау тәртібіне (әдістемесіне) сәйкес қалыптастырылған құқықтық қатынастар субъектілеріне осы Заңда белгіленген нарықтық бағаны айқындау әдістері қолданылмайды.

Мәміле бағасы жеңілдікті салық салынатын елдерде тіркелген тараптармен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде өткізілетін тауарлардың нарықтық бағасын айқындау тәртібіне (әдістемесіне) сәйкес қалыптастырылған бағадан ауытқыған кезде салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді түзету осындай тәртіпке (әдістемеге) сәйкес айқындалатын бағаға дейін жүргізіледі.

2. Осы бап өнімді бөлу туралы келісім күшіне енген күннен бастап жасалған мәмілелерге қолданылады.».

6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 6, 43-

қ ұ ж а т ) :

1) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 428-бабы 1-тармағының қолданылуы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрып, тоқтатыла тұру кезеңінде көрсетілген баптың 1-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салықтық есептеме берудің төменде көрсетілген тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы:

- 1) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;
- 2) біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 3) патент негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 4) оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.

Осы Заңның 36-бабының 1-тармағында көрсетілген, дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салықтық есептеме берудің төменде көрсетілген тәртіптерінің біреуін ғана дербес

т а ң д а у ғ а

қ ұ қ ы л ы :

- 1) біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 2) патент негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 3) оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.»;

2) 25-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың қосылған құн салығын төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ашылған банк шоттарына валюталық түсімнің түсуі жөніндегі талаптары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 245-бабының 1-1-тармағында аталған салық төлеушілерге қолданылмайды.»;

3) 36-баптың 1, 3, 7, 9, 10, 12 және 13-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, біржолғы талон негізіндегі арнаулы с а л ы қ р е ж и м і н :

1) қызметі ауық-ауық сипатта болып, қызметтің мынадай түрлерін: газеттер мен журналдар, тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет), бақша дақылдарын, саяжай және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелері өнімдерін, жануарлар мен құстардың жемдерін, сыпыртқыларды, сыпырғыларды, орман жидектерін, балды, саңырауқұлақтар мен балық өткізуді (стационарлық үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда);

жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің көрсететін қызметін;

үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының а з а м а т т а р ы , о р а л м а н д а р ;

2) нарық аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) өткізуді қоспағанда, нарықтарда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қ о л д а н а д ы .

Осы тармақта көрсетілген, дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар патент немесе оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданған жағдайда біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануға құқылы емес.»;

«3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеуге қ ұ қ ы л ы . » ;

«7. Біржолғы талондарды жергілікті атқарушы органдар айқындаған органдар қызметті жүзеге асыруды бастағанға дейін береді.

Салық төлеушінің қалауы бойынша біржолғы талон бір күнге немесе одан да ұзақ мерзімге, бірақ күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге берілуі мүмкін.

Біржолғы талон бір күннен асатын мерзімге берілген жағдайда, оның құны жергілікті өкілді органдардың шешімімен белгіленген құнды біржолғы талон қолданылатын күндер санына көбейту жолымен айқындалады.

Б і р ж о л ғ ы т а л о н д а р д ы б е р у :

2013 жылғы 1 қаңтарға дейін – салық төлеушінің куәлігін;

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкестендіру нөмірі бар құжатты көрсеткенде ж ү р г і з і л е д і .

Бұл ретте, осы баптың 1-тармағында көрсетілген жеке тұлғалар салық органдарының патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану туралы осы тұлғаларға берген шешімдерін ұсынған жағдайда, біржолғы т а л о н д а р б е р і л м е й д і .

Біржолғы талонның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қызметі тоқтатылған, қызметі уақытша тоқтатыла тұрған немесе оны жүзеге асыру шарттары өзгерген кезде біржолғы талон құнының төленген сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

Біржолғы талон біржолғы талонда көрсетілген қызметті жүзеге асыру орны б о й ы н ш а ж а р а м д ы .

Біржолғы талонның нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;

«9. Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер осы арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізуге және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен не Салық кодексінің 62 және 63-тарауларында көзделген тәртіппен қызметтің көрсетілген түрлері бойынша салықты есептеу мен төлеуді ж ү р г і з у г е м і н д е т т і .

Бұл ретте аталған салық төлеушілер нарықта тауарларды өткізуден, жұмыстарды

орындаудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістер мен шығыстарды, Салық кодексінің 62-тарауында көзделген тәртіппен салықты есептеу мен төлеу жағдайларынан басқа, салық салынатын кірісті айқындау кезінде есепке алады.

Көрсетілген жағдайларда жеке немесе корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы біржолғы талон бойынша төленген жеке табыс салығының сомасынан төмен  
б о л м а у ғ а т и і с .

10. Нарықта біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың қызметкерлері тауарлар өткізген, жұмыстар орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайда, біржолғы талон дара кәсіпкерге немесе  
з а ң д ы т ұ л ғ а ғ а б е р і л е д і .

Көрсетілген жағдайда қызметкер біржолғы талонды алу үшін:  
2013 жылғы 1 қаңтарға дейін – дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның салық төлеуші  
т ө л е у ш і к у ә л і г і н і ң к ө ш і р м е с і н ;

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның сәйкестендіру нөмірі бар құжатының көшірмесін қоса беріп, біржолғы талонды алу құқығына  
н о т а р и а т к у ә л а н д ы р ғ а н с е н і м х а т т ы ұ с ы н у ы қ а ж е т .

Дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген және біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша жеке табыс салығы  
д е к л а р а ц и я с ы н т а п с ы р м а й д ы .

Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша жеке табыс салығы декларациясын  
т а п с ы р м а й д ы . » ;

«12. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілер біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, сатып алушының талап етуі бойынша берілген және тауарды өткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету фактісін растайтын құжатта нарықтың атауын, біржолғы талонның сериясы мен нөмірін, біржолғы талонның берілген күнін көрсетуге міндетті.

13. Қосылған құн салығын төлеушілерді қоспағанда, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілер біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 77-бабы 4-тармағының 5) тармақшасында белгіленген салық тіркелімін жүргізуге міндетті.  
»

7. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат;

№ 6, 46 - құжат; № 8, 64 - құжат):

1) 1 - б а п т а :

63) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«63) магистральдық құбыр – өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөлік пен объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сай келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;»;

64) және 65) тармақшалар алып тасталсын;

2) 16-баптың 50) тармақшасы алып тасталсын;

3) 18-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қажеттілік болған жағдайда, ішкі нарықтың жанар-жағармай материалдарына қажеттіліктерін жабуға қажетті көлемде Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тысқары жерлерде өңдеуге арналған мұнай мөлшерін кестелермен (жылдық және ай сайынғы) айқындау;»;

4) 10 - т а р а у а л ы п т а с т а л с ы н .

8. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27 - құ ж а т т а р ;

№ 8, 64 - құ ж а т ) :

к ө р с е т і л г е н З а ң ғ а қ о с ы м ш а д а :

1 - т а р м а қ т а :

35) тармақша алып тасталсын;

96) тармақшадағы «саласында жүзеге асырылады.» деген сөздер «саласында;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 97) тармақшамен толықтырылсын:

«97) Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасын сақтауда жүзеге асырылады.»;

2-тармақтың 16) тармақшасындағы «саласында жүзеге асырылады.» деген сөздер «саласында;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жүзеге асырылады.».

9. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14 - құ ж а т ) :

1) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) мұнай беруші – осы Заңда белгіленген шарттармен өздері өндірген, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес заттай нысанда төленетін салықтар ретінде Қазақстан Республикасы алған, импортталған немесе жер қойнауын пайдаланушыдан тікелей сатып алынған шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын

мұнай өнімдерін өндірушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарына беретін жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 7-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Қазақстан Республикасының ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін мұнай өнімдерін өндірушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарына шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын жеткізіп беру кестелерін жер қойнауын пайдаланушыларға арнап бекітеді;»

3) 18-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген өтінімдер ескеріле отырып, мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган мұнай берушілерге арнап шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын жеткізіп беру кестесін бекітеді, онда мұнайды өңдеу жоспарын қамтамасыз ету мақсатында мұнай өнімдерін өндірушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарына шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын беру көлемдері мен мерзімдері көрсетіледі. Шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын жеткізіп берудің алдағы күнтізбелік жылға арналған кестесін мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган жыл сайын 15 желтоқсанға дейін бекітеді және бекітілген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны мұнай берушілер мен мұнай өнімдерін өндірушілердің назарына жеткізеді. Мұнай берушілер шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын беруді шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын жеткізіп берудің бекітілген кестесіне сәйкес жүзеге асыруға міндетті.».

10. «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2 , 8 - қ ұ ж а т ) :

1) 15-баптың 14-тармағы 7) тармақшасындағы «газды иеліктен шығару жағдайларына қолданылмайды.» деген сөздер «газды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) ережелері иеліктен шығарылатын шикі және (немесе) тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын көздейтін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 308-1-бабына сәйкес салық режимінің тұрақтылығын иеленетін, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген шикі және (немесе) тауарлық газды иеліктен шығару жағдайларына қолданылмайды.»;

2) 20-баптың 9-тармағы 3) тармақшасындағы «алынған тауарлық газды өткізу жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.» деген сөздер «алынған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) ережелері иеліктен шығарылатын шикі және (немесе) тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын көздейтін «Салық және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 308-1-бабына сәйкес салық режимінің тұрақтылығын иеленетін, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген тауарлық газды өткізу жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.»;

3) 26-баптың 2-тармағы 3) тармақшасындағы «иелері жүзеге асыруға құқылы.» деген сөздер «иелері;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) газ желісі ұйымдары жүзеге асыруға құқылы.»;  
4) 27 - бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы «иелеріне» деген сөзден кейін «, сондай-ақ осы баптың 6-тармағы екінші бөлігінің ережелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «иелеріне» деген сөзден кейін «, сондай-ақ осы баптың 6-тармағы екінші бөлігінің ережелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге» деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарына сәйкес өткізілетін сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығына газ желісі ұйымдары ие болады.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарына сәйкес сатып алынған сұйытылған мұнай газының көлемін газ желісі ұйымдары тек қана Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізеді.».

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (03.07.2012 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**2 - б а п .**

1 . О с ы 3 а н :

1) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 10) тармақшасын, 5-тармағын, 6-тармағының 2) тармақшасын;

2) 2010 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші абзацтарын;

3) 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының алтыншы, жетінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтарын, 4) және 5) тармақшаларын;

4) 2011 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 3) тармақшасын;



5) 2012 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының  
1 ) т а р м а қ ш а с ы н ;

6) 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағының 1)  
және 3) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін  
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 3-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшалары 2017 жылғы 1  
қаңтарға дейін қолданылады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.11.2014 № 257-V Заңымен (01.01.2015  
бастап қолданысқа енгізіледі).**

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. НАЗАРБАЕВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК